Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің 2024 жылғы 17
сәуірдегі № 151 бұйрығына 25-
қосымша

Кәсіптік стандарт: «Кітапханашы-реабилитолог»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: "Кітапханашы-реабилитолог" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес және кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және ұйымдарда және ұйымдарда персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу мақсатында әзірленіп, мәдениет саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіби тапсырманы толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды қолдану қабілеті;

3) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты берумен сүйемелденбейтін білім беру түрі;

4) машық – кәсіптік міндет шенберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл оймен орындау қабілеті.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;
2) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;
3) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызметтің жалпы жүктеуіші;
4) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
5) БА – біліктілік анықтамалығы;
6) БХСЖ – білім берудің халықаралық стандартты жіктелуі.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Кітапханашы-реабилитолог
5. Кәсіптік стандарттың коды: R91012101
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

R Өнер, ойын-сауық және демалыс
91 Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің және өзге де мәдениет саласындағы қызметтер
91.0 Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің және өзге де мәдениет саласындағы қызметтер
91.01 Кітапхана және мұрағаттар қызметі
91.01.2 Оқырмандар залын, лекторийлер, көрсету залдарының қызметін қоса алғанда кітапхана қызметі

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кітапханашы-реабилитолог мүмкіндігі шектеулі жандарға әдеби және ақпараттық ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз ету арқылы оңалтумен айналысатын арнайы кітапхана қызметкері. Ол мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған кітапханада ақпарат пен материалдарға кедергісіз еркін қол жетімділікті құру бойынша жұмыс істейді.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Кітапханашылар - 6 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Кітапханашылар»:	
Топтың коды:	2622-1
Қызмет атауының коды:	2622-1
Кәсіптің атауы:	Кітапханашылар
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Гуманитарлық ғылымдар	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2622-1-002 - Кітапханашы 2374-1-001 - Тифлопедагог		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ақпараттық ресурстардың тең мүмкіндіктері мен қолжетімділігін қамтамасыз ету және әлеуметтік-оңалту іс-шараларын жүргізу.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Кітапхананың барлық пайдаланушыларына, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға қол жетімділікті қамтамасыз ету. 2. Мүмкіндігі шектеулі кітапхана пайдаланушыларымен жекеше жұмысты қамтамасыз ету	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Әлеуметтік қызметкерлер, денсаулық сақтау мамандары, тифлопсихология, тифлопедагогтар сияқты басқа мамандармен ынтымақтастық.	
Еңбек функциясы 1: Кітапхананың барлық пайдаланушыларына, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға қол жетімділікті қамтамасыз ету.	Дағды 1: 1.Түрлі санаттағы мүмкіндігі шектеулері адамдармен жұмыс істеу дағдылары, соның ішінде қарым-қатынас жасау және арнайы технологиялар мен жабдықтарды пайдалану 2. Өзін дұрыс ұстай білуге және ақпаратты кітапхана пайдаланушыларына анық жеткізуге мүмкіндік беретін коммуникативтік дағдылар	Машықтар:	
		1. Мүмкіндігі шектеулі жандарға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуде цифрлық технологиялар мен арнайы техникалық құрылғыларды пайдалану оның ішінде бедерлі баспа мәтінін рельефті-нүктелі қаріпке түрлендіру бағдарламалары; 2. Кітапханада визуалды өнімге тифлокомментарийлер жасау, бедерлі баспа материалдарын дыбыстау әдістемесі мен технологиясын қолдану басылымдар, рельефтік-графикалық кескіндер жасау; 3. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мамандандырылған кітапхана қорын қалыптастыру, өңдеу және ұйымдастыру, электрондық, оның ішінде аудиовизуалды, мультимедиялық құжаттарды, бедерлі-нүктелі қаріппен жазылған құжаттарды қоса алғанда; 4. Кітапханада қолжетімді форматтағы құжаттарды аналитикалық-синтетикалық өңдеуді жүзеге асыру және анықтамалық-іздестіру аппаратын жүргізу мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мамандандырылған құжаттар қоры; 5. Интеграцияланған / инклюзивті кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастыру әдістемелері мен технологияларын пайдалану.	
		Білімдер:	
		1. Кітапханатану негіздері, оның ішінде тифлобиблиотекатану, библиографтану, құжаттану, информатика, теория және практика мүмкіндігі шектеулі адамдарға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету; 2. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау және оңалту саласындағы кітапханалық-ақпараттық қызмет жөніндегі нормативтік құқықтық актілер және мүмкіндігі шектеулі жандар, зияткерлік меншікті және дербес деректерді қорғау.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	

	Дағды 2: Арнайы әдістер мен технологияларды пайдалана отырып, кітапхана пайдаланушыларының сұранысымен қолжетімді форматтағы құжаттарды кітапханада дыбыстау.	Машықтар:
		1. Кітапханада мүмкіндіктері шектеулі адамдарға интеграцияланған/инклюзивті кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету жағдайларын жасау және ұйымдастыру; 2. Іс-шара барысында оқиғалардың барысын тиімді басқара білу, әртүрлі тапсырмалардың уақытылы орындалуын қамтамасыз ету және бағдарламаның барлық элементтерінің жақсы үйлесімділігіне көз жеткізу. 3. Іс-шаралардың тиімділігі мен қызығушылығын арттыру үшін жаңа идеяларды ойлап табу және іске асыру, сондай-ақ әлеуметтік оңалтудың инновациялық тәсілдерін жасау мүмкіндігі. 4. Іс-шаралардың нәтижелерін талдау, кері байланыс жинау және өз жұмысын одан әрі жақсарту және дамыту үшін бағдарламаның тиімділігін бағалау мүмкіндігі.
		Білімдер:
		Кітапхана жұмысының ерекшелігін білу және мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмысты ұйымдастыру дағдылары, соның ішінде кітап қорларын, ақпараттық ресурстарды және басқа материалдарды қажетті форматта дайындау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 2: Мүмкіндігі шектеулі кітапхана пайдаланушыларымен жекеше жұмысты қамтамасыз ету	Дағды 1: Мүмкіндігі шектеулі пайдаланушыларды қолдау және ақпаратпен қамтамасыз ету, оларға қажетті білім алуды ұйымдастыру қабілеті	Машықтар:
		1. Өз жұмысына ұқсас жұмыстармен айналысатын басқа кітапхана мамандарымен және ұйымдармен өзара әрекеттесу және жұмысты үйлестіру қабілеті. 2. Мүмкіндігі шектеулі пайдаланушының ақпаратқа қол жеткізу қажеттіліктерін бағалау, ерекшеліктерін түсіну және оның тиімді жұмыс істеуіне көмектесетін тиісті технологиялар мен ресурстарды пайдалану. 3. Мүмкіндігі шектеулі пайдаланушылармен олардың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес ортақ тіл таба білу, сондай-ақ қол жетімді және түсінікті лексиканы қолдана отырып, күрделі ұғымдар мен тақырыптарды түсіндіру қабілеті. 4. Брайль қарпінде оқу мен жазуға үйрету қабілеті
		Білімдер:
		1. Тиісті технологиялар мен процедураларды білу: оқырман бағдарламалары, көрнекі дисплейлер және адаптивті технологияның басқа түрлері сияқты әртүрлі технологиялар, бағдарламалармен жұмыс істеу үшін арнайы білім мен дағдылардың болуы. Осылайша, кітапхана мамандары аталған технологияларды қолданатын пайдаланушыларды оқыта алады және оларға қолдау көрсете алады, сонымен қатар ең қолайлы техникалық шешімді таңдаған кезде пайдаланушыларға ұсыныстар бере алады. 2. Арнайы психология және дефектология саласындағы білім. 3. Брайль жүйесінде жазу мен оқуды және жазуға арналған грифель мен құралды пайдалана білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

	Дағды 2: Байланыс және қарым-қатынас: мүмкіндігі шектеулі пайдаланушылармен байланыс орнатып, жақсы қарым-қатынаста болу	Машықтар:
		1. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың қажеттіліктері мен эмоцияларын тыңдай және түсіне білу. 2. Оқушыларға түсінікті болу үшін күрделі терминдер мен қысқартуларды қолданбай, түсінікті тілді, дұрыс түсініктемелерді қолдану, анық және түсінікті сөйлей білу қабілеті қажет. 3. Оқушылардың қажеттіліктері мен тілектерін толық түсіну мақсатында оларға нақтылайтын және қолдайтын сұрақтар қою, жақсы тыңдаушы бола білу қабілеті 4. Оқушылардың дербестігіне, сондай-ақ, эмоционалды қолдау орнатуға жәрдемдесе отырып, оларға қолайлы, сенімді орта құру мүмкіндігі.
		Білімдер:
		1. Тифлопедагогика негіздерін білу. 2. Қарым-қатынас әдебін білу. 3. Мемлекеттік және ұлтаралық қарым-қатынас тілін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Қосымша еңбек функциясы 1: Әлеуметтік қызметкерлер, денсаулық сақтау мамандары, тифлопсихология, тифлопедагогтар сияқты басқа мамандармен ынтымақтастық.	Дағды 1: Кітапханашы-реабилитологтың қарым-қатынас дағдылары Басқа мамандармен өзара жақсы қарым-қатынаста болу үшін және жұмысын көпшілік алдында таныстыра алу үшін керемет дағдыларға ие болуы керек.	Машықтар:
		1. Басқа мамандармен сәтті қарым-қатынас жасау үшін қатынас дағдылары. 2. Өз жұмысын кең аудитория (көпшілік) алдында көрсете білу. 3. Өз ойын анық және сенімді түрде жеткізе білу, сондай-ақ басқа мамандардың ұстанымын тыңдауға дайын болу.
		Білімдер:
		1. Түрлі маман иелерінің жұмыстарын білу (әлеуметтік қызметкерлер, медицина қызметкерлері, тифлопсихологтар, тифлопедагогтар т.б.) 2. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың нақты қажеттіліктерін, сондай-ақ оларға қол жетімді ресурстар мен қызметтерді білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Кітапханашы-реабилитологтың кеңес беру дағдылары - көру мүмкіндігі шектеулі адамдардың мәселелерін шешуде және оларды қоғамға біріктіруде басқа мамандарға кеңес беріп, көмектесе алу дағдысы	Машықтар:
		1. Кеңес беру және басқа мамандарға көмектесу қабілеті. 2. Қоғамда көру мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған курстар мен бағдарламаларды әзірлей білу. 3. Көру қабілеті шектеулі адамдарды қоғамға біріктіру және олардың әлеуметтік мүмкіндіктерге қолжетімділігі туралы хабардарлығын (мәліметтерін) арттыру мәселелеріне назар аудару үшін жергілікті медиамен жұмыс істей білу.
		Білімдер:
		1. ҚР Әлеуметтік Кодексін білу. 2. Әлеуметтік қорғау бағдарламаларын білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

	Дағды 3: Мүмкіндігі шектеулі келушілер үшін әртүрлі мәдени және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-оңалту және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру.	Машықтар:
		1.Көрмелерді, дәрістерді, семинарларды, кездесулерді және т. б. қоса алғандағы әртүрлі іс-шараларды жоспарлау және өткізу үшін қажетті ұйымдастыру дағдылары; 2. Әртүррлі келуші топтармен, соның ішінде мектеп оқушыларымен, студенттермен және қызметкерлермен жұмыс істеу; 3. Мультимедиялық технологиялар мен интерактивті форматтарды қолдануды қоса алғанда, кітапхана қызметі саласындағы инновация үрдістерін білу және жұмыс тәжірибесі; 4. Кітапханаға келушілердің сенімі мен құрмет атмосферасын құру үшін эмпатия мен түсіністік қажет; 5. Іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспарларын әзірлеу, оларды іске асыру үшін қажетті мақсаттарды, міндеттерді және ресурстарды анықтау; 6. Еріктілерді, мамандарды және басқа да мүдделі тараптарды қоса алғанда іс-шараның әртүрлі қатысушыларымен тиімді қарым-қатынас орнату және қолдау
		Білімдер:
		1. Кітапхананың мақсатты аудиториясының ерекшеліктерін және олардың ақпарат пен қызмет түрлеріне қажеттіліктерін білу; 2. Кітапхананың мақсатты аудиториясына қатысы бар мамандандырылған әдебиеттер мен ақпараттық ресурстарды білу; 3. Әлеуметтік оңалтудың мақсаттары мен принциптері; 4. Әлеуметтік оңалту әдістері мен тәсілдері; 5. Мақсатты аудиторияны білу және олардың қажеттіліктерін ескеру; 6. Дыбыс, жарық және байланыс жабдықтары секілді техникалық аспектілер.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Ұқыптылық Жүйелі ойлау Күйзеліске тұрақтылық Шыдамдылық Командада жұмыс істей білу	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	Кітапханашы -тифлопедагог

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

10. Мемлекеттік органның атауы:
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Орындаушы:
Борамбаев Нурбек Медерович, +7 (705) 160 57 01, n.borambaev@mki.gov.kz
11. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):
"Мәдениеттерді жақындастыру орталығы" мемлекеттік музейі" РММҚ филиалының ғылыми-әдістемелік бөлімі
Орындаушылар:
Жумадилова Дарья Ертаевна, +7 (705) 160 57 01, daria_131_168@mail.ru
12. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 12.01.2024 г.
13. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 14.12.2023 г.
14. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 15.02.2024 г.
15. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 1 , 2024 г.
16. Бағдарлы қайта қарау күні: 03.11.2027 г.